



Автор: Қожахметова Жұмагүл Опақызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы

Тақырып: Қырғыз (Қазақ) АКСР - нің құрылуы

<p>Қырғыз (Қазақ) АКСР - нің құрылуы</p>	<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Өркениет: даму ерекшеліктері Мектеп: №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы Күні: 16.10.19ж. Мұғалімнің аты-жөні: Қожахметова Ж.О. Сынып: 9 «а» Қатысқандар саны: 20 Қатыспағандар саны: 0 Сабақ тақырыбы:Қырғыз (Қазақ) АКСР - нің құрылуы Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау. Сабақ мақсаттары Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау. Бағалау критерийлері Бағалау критерийлері: Білу: Қырғыз АКСР-інің құрылу мерзімін біледі. Қолдану: Қырғыз АКСР-інің астаналарын картадан көрсетеді Талдау: ПТМС бойынша қазақ зиялыларының ұлттық территорияны межелеудегі рөлін талдайды Бағалау: Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызына баға береді. Ойлау дағдыла рының деңгейі Жоғары ойлау дағдылары Тарихи концепт: Бағалау Тілдік мақсаттар Ақпаратты / деректі талдап дәлелдер келтіреді (ауызша, жазбаша дағдылар) Айтылым мен жазылым барысында мынадай сөз тіркестерді пайдаланады: межелеу; автономия; казревком т.б.с.с. Құндылықтарды дарыту Отансүйгіштік Құрмет Ынтымақтастық АКТ қолдану дағдылары Интерактивті тақтамен жұмыс жасайды. Оқытудың түп -нұсқалылығы Оқушылар Қазақ АКСР бойынша білімдерін әлемдік территориялар қарастырылғанда және Қазақстан тарихын туристік бағытта қолдана алады. Пәнаралық байланыстар География, дүниежүзі тарихы Бастапқы білім Оқушылар Алаш Орда және Түркістан автономиясы және азамат соғысы туралы бастапқы білімдері бар.</p>
--	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Қырғыз (Қазақ) АКСР - нің құрылуы (16.10.2019)</p>	<p>Сабақ барысы Сабақтың жоспарлан -ған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Б Қолайлы атмосфера қалыптастыру. «Екіқолыңды жұмысқа жұмылдыр» сергіту сәті. Оқушылар орындарындатұрып, екі қолымен алма-кезек ауада , бастапқы білім бойынша сөйлемжазады. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Топтастыру.«Жұмбақ қорапша» әдісі. Қорапшаға Қазақстанның астанасы болғанқалалар жазылған қағаз қиындылар салынады, солар арқылы топқабөлінеді. «Орынбор» тобы «Қызылорда» тобы «Алматы» тобы</p> <p>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Б Қолайлы атмосфера қалыптастыру. «Екі қолыңды жұмысқа жұмылдыр» сергіту сәті. Оқушылар орындарында тұрып, екі қолымен алма-кезек ауада , бастапқы білім бойынша сөйлем жазады. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Топтастыру. «Жұмбақ қорапша» әдісі. Қорапшаға Қазақстанның астанасы болған қалалар жазылған қағаз қиындылар салынады, солар арқылы топқа бөлінеді. «Орынбор» тобы «Қызылорда» тобы «Алматы» тобы Б Миға шабуыл Оқушылардың назарына сурет ұсынылады. Сұрақ: • Сіз Қазақстан Республикасы жер көлемі бойынша дүние жүзінде нешінші орын алатынын білесіз бе? • Бүгін нені қарастыруымыз мүмкін? М Оқушыларды сабақтың оқу мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады және тақырыпқа кіріспе шолу жасайды. Бағалау. «Үш шапалақ» әдісі. Бейнефильм. « Қырғыз (Қазақ)АКСР-інің құрылуы» Д Мәтінмен танысу 1-тапсырма. Картамен жұмыс. Картадан Қазақ АКСР-нің территориясын, астаналарын анықтаңыз Дескриптор: Қазақ АКСР-нің территориясын ажыратады Қазақ АКСР-нің 1-ші астанасын картадан көрсетеді, жылын анықтайды Қазақ АКСР-нің 2-ші астанасын картадан көрсетеді, жылын анықтайды Қазақ АКСР-нің 3-ші астанасын картадан көрсетеді, жылын анықтайды Бағалау. Жұлдызшалар арқылы бағалау. Постер қорғау. Қазақ АКСР-нің құрылуының маңыздылығын анықтаңыз (кем дегенде 2 маңыздылық) 1. 2. Дескриптор : Қазақ АКСР-нің құрылуының бірінші тарихи маңызын анықтайды Қазақ АКСР-нің құрылуының екінші тарихи маңызын анықтайды Бағалау. «Көңіл күймен» бағалау әдісі. 2-тапсырма. Т «Фишбоун» әдісі бойынша берілген мәтінді пайдалана отырып, сұрақтар аясында талдау жаса. Топтық жұмыс «Орынбор» тобы Қазревкомның қызметіне баға бер. «Қызылорда» тобы Қазақ АКСР-ның құрылуының тарихи маңызы қандай? «Алматы» тобы Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы. Дескриптор: - Қазревкомның қызметіне баға береді. - Қазақ АКСР-ның құрылуының тарихи маңызын анықтайды. - Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы туралы ой тұжырымдайды. Бағалау. «Бағдаршам» әдісі. Б/Д/Ж ПТМС талдау: «Ұлттық территорияны межелеудегі алаш азаматтарының рөліне баға беріңіз» Позиция (мен солай санаймын....) Түсіндіру (себебі.....) Мысал (мен мұны мынадай мысалдар арқылы дәлелдей аламын.....) Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын.....) Дескриптор: Оқушы өз позициясын анықтай алады; Оқушы өз позициясының себебін түсіндіруде кем дегенде 1 аргумент келтіреді; Оқушы өз позициясын дәлелдеуде кем дегенде 2 аргумент келтіреді; Оқушы мәселе аясында қорытынды жасайды. Б Рефлексия Блоб ағашы «Мен бүгінгі сабақта қандай деңгейдемін?» «Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметі» Эссе</p>	<p>Презентация Қазақстанның саяси картасы Таратпа материал 9 сыныптың Қазақстан тарихы оқулығы.</p>
---	---	---